

Шарбақты ауданы Сынтас селолық округі Сынтас ауылындағы көшені қайта атау туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Сынтас селолық округі әкімінің 2016 жылғы 01 ақпандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 наурызда № 4946 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, Сынтас селолық округінің Сынтас ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, 2015 жылғы 11 маусымдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Сынтас селолық округінің әкімі

ШЕШТІ:

1. Шарбақты ауданы Сынтас селолық округінің Сынтас ауылындағы "Ленин" көшесі "Жеңіс" көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған бірінші күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сынтас селолық округінің әкімі

А. В. Масальский